

Азаматтық авиацияның авиация персоналы киім үлгісін кию және айырым белгілерін тағып жүру ережелерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2010 жылғы 13 тамыздағы № 364 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 9 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6470 болып енгізілді.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 53-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Азаматтық авиацияның авиация персоналы киім үлгісін кию және айырым белгілерін тағып жүру ережелері бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) "Нысанды киім кию, қамтамасыз ету нормалары ережесін және нысанды киім киюге құқығы бар Қазақстан Республикасының азаматтық авиация қызметкерлері лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының м.а. 2004 жылғы 26 тамыздағы № 157 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3109 болып тіркелген);

2) "Нысанды киім кию, қамтамасыз ету нормалары ережесін және нысанды киім киюге құқығы бар Қазақстан Республикасының азаматтық авиация қызметкерлері лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитетінің төрағасы міндетін атқарушының 2004 жылғы 26 тамыздағы № 157 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация Министрінің 2008 жылғы 24 маусымдағы № 302 бұйрығының (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5268 болып тіркелген, 2008 жылғы 27 тамызда № 130 (1356) "Заң газеті" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Р.Ө. Әдимолда) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау міндетті Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі Е. Дүйсенбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Азаматтық авиация авиациялық персоналының киім үлгісін кию және айырым белгілерін тағып жүру ережелерін бекіту туралы

1. Осы Азаматтық авиация авиациялық персоналының киім үлгісін кию және айырым белгілерін тағып жүру ережелері (бұдан әрі - Ережелер) азаматтық авиация авиациялық персоналының киім үлгісін кию және айырым белгілерін тағу тәртібін белгілейді.

2. Осы Ережелерде қолданылатын негізгі терминдер мен анықтамалар:

1) авиациялық персонал - арнайы және (немесе) кәсіптік даярлығы бар, әуе кемелерінің ұшуын, әуе тасымалдары мен авиациялық жұмыстарды орындау және қамтамасыз ету, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету, әуе қозғалысын ұйымдастыру және оған қызмет көрсету, әуе қозғалысын басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке адамдар;

2) жердегі авиациялық персонал – ұшу немесе қызмет көрсету экипажы мүшелерінің біліктілігі жоқ авиациялық персонал тұлғалары;

3) кокарда - авиациялық персоналдың бас киімдеріне тағатын салалық немесе ведомстволық белгі;

4) командалық-ұшу құрамы - ұшу құрамының қолданыстағы куәлігі бар және ұшу лауазымын атқаратын авиациялық персоналдың лауазымды тұлғалары;

5) ұшу-инструкторлық құрам - ұшу құрамының қолданыстағы куәлігі, мамандығы бойынша инструкторлық жұмысқа рұқсаты бар және инструктор лауазымын атқаратын авиациялық персонал тұлғалары;

6) ұшу құрамы - белгіленген үлгідегі әуе кемесін немесе оның жабдықтарын басқаруға берілген ұшу құрамының қолданыстағы куәлігі және арнайы дайындығы мен тәжірибесі бар авиациялық персоналдың тұлғалары: ұшқыштар, штурмандар, бортинженерлер, бортмеханиктер, бортрадистер;

7) азаматтық авиация ұйымы - азаматтық авиация саласында қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

8) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану саласында және азаматтық пен эксперименттік авиация қызметінде басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

9) ұшу экипажының мүшесі – ұшу уақыты кезеңінде әуе кемесін басқаруға байланысты міндеттер жүктелген, авиациялық персоналдың қолданыстағы куәлігі бар авиациялық персоналға жататын тұлға;

10) қызмет көрсетуші экипаждың мүшелері - қолданыстағы куәлігі және әуе кемесінің бортында қызмет көрсетуші құрамының тиісті дайындығы бар авиациялық персоналдың тұлғалары: бортсеріктер, азаматтық авиацияның жолаушылар және жүк тасымалдау ұшақтарының бортоператорлары;

11) әуе қозғалысына қызмет көрсету қызметінің мамандары - әуе қозғалысына қызмет көрсету қызметінде жұмыс істейтін авиация персоналының адамдары.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 01.10.2025 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Киім үлгісін кию және айырым белгілерін тағу құқығы осы Ережелердің 1-қосымшасында көрсетілген Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының (бұдан әрі – ҚР АА) командалық-ұшу құрамы мен басқа қызметкерлеріне беріледі.

4. Киім үлгісі осы Ережелердің 2-қосымшасына байланысты киім үлгісінің бұйымдарын қамтамасыз ету нормалары мен тағу мерзімдеріне сәйкес беріледі.

5. Азаматтық авиацияның командалық – ұшу құрамы мен шаруашылық субъектілері – ұйым қызметкерлерінің (бұдан әрі - азаматтық авиация ұйымдары) киім үлгісі мен айырым белгілері осы Ережелерге сәйкес қолданылады.

6. ҚР АА ұйымдарының қызметкерлеріне киім үлгісі осы ұйымның бірінші басшысының бұйрығымен анықталған нормалар мен тізбелерге сәйкес беріледі.

7. Киім үлгісі мен оның элементтерін тағу мерзімдері оны берген күннен бастап есептеледі.

8. Мыналарға рұқсат етілмейді:

1) киім үлгісін кию және айыру белгілерін тағуға құқығы жоқ тұлғаларға оларды киюге;

2) киім үлгісі мен азаматтық киім бөліктерін қатар киюге;

3) киім үлгісінің сырт көрінісін бұзатын үлкен заттарды қалтасына салып жүруге.

9. Жазғы уақытта жоғары температура жағдайында командалық-ұшу құрамы өз функцияларын, сондай-ақ ұшу экипажы мүшелерінің функцияларын орындау кезінде жазғы жеңіл костюм киюіне рұқсат етіледі.

10. 1-қосымшада көрсетілген, азаматтық авиация құрылымына кіретін ұйымдар, оқу орындары авиациялық персоналының тұлғалары өздерінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде осы Ережелерге сәйкес айырым белгілерінсіз киім үлгісін киеді.

11. Осы Ережелердің 1-қосымшасында көрсетілген ҚР АА авиакомпанияларының командалық - ұшу, ұшу және қызмет көрсету персоналының тұлғалары таңбасыз алмалы-салмалы айыру белгілерін - біріздендірілген (қысқартылған) погондарды тағып жүруі тиіс.

12. Киім үлгісін киюге құқығы бар ҚР АА қызметкерлерінің лауазымдық санаттары бойынша берілген жеңдік және алмалы-салмалы иықтық айырым белгілерінің (шеvronдар мен погондар) табелі осы Ережелердің 3-қосымшасында көрсетілген.

13. Командалық-ұшу құрамы ұшу экипажы мүшелерінің функцияларын атқарған кезде біріздендірілген (қысқартылған) погондарды тағуға рұқсат етіледі.

14. ҚР АА командалық-ұшу, ұшу және қызмет көрсету персоналдарының тұлғалары бас киім және төс белгілерінде эмблема комбинациясын тағуға тиісті.

15. Қызметтік міндеттерін атқару кезінде ҚР АА қызметкерлерінің сол жақ кеудесінде аты-жөні және тегі көрсетілген сәйкестендіру (айырым) карточкасы болуы қажет.

16. ҚР АА қызметкерлерінің киім үлгісінің сипаттамасы осы Ережелердің 4-қосымшасында көрсетілген.

17. Азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік қызметінің мамандарына арналған киім үлгісінің сипаттамасы және азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік қызметінің мамандарына арналған айырым белгілердің сипаттамасы осы Ережелердің

5, 6-қосымшаларында көрсетілген.

18. Киім үлгісінің бұйымдары мен айырым белгілері ұқыпты және мұқият жасалған және осы Ережелердің талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Азаматтық авиация авиациялық
персоналының
киім үлгісін кию және айырым
белгілерін
тағып жүру ережелеріне 1-қосымша

Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының киім үлгісін киюге құқығы бар қызметкерлері лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесі

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 01.10.2025 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Ұшуға рұқсаты бар авиакомпанияның бірінші басшысы.
2. Ұшуға рұқсаты бар авиакомпанияның бірінші басшыларының орынбасарлары.
3. Ұшу қауіпсіздігі жөніндегі авиакомпания инспекциясының бастығы.
4. Ұшу қауіпсіздігі жөніндегі авиакомпания инспекциясының инспекторлық құрамы.
5. Авиация жасағының командирі.
6. Авиация жасағы командирінің орынбасары.
7. Авиация эскадрильясының командирі.
8. Авиация эскадрильясы командирінің орынбасары.
9. Жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі дирекцияның бастығы.

10. Ұшу қауіпсіздігі жөніндегі инспекцияның бастығы.
11. Авиациялық қауіпсіздік жөніндегі инспекцияның бастығы.
12. Ұшу-әдістемелік кабинеттің бастығы.
13. Ұшу құрамын оқыту қызметінің бастығы.
14. Жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі бөлімнің бастығы.
15. Тексеру бөлімшесінің бастығы (оның орынбасарлары).
16. Тексеру бөлімшесінің ауысым бастығы.
17. Күзет және бақылау бөлімшесінің бастығы.
18. Күзет және тексерудің инженерлік-техникалық құралдары бөлімшесінің бастығы.
19. Авиациялық қауіпсіздік бөлімшесінің бастығы (оның орынбасарлары).
20. Авиациялық қауіпсіздік бөлімшесінің ауысым бастығы.
21. Аэровокзал кешені қызметінің бастығы.
22. Әуеайлақ қызметінің бастығы.
23. Бортсеріктер қызметінің бастығы.
24. Штаб бастығы-әуе кемесінің командирі.
25. Авиациялық қауіпсіздік қызметінің бастығы.
26. Жолаушыларға жерде қызмет көрсету қызметін басқарушы.
27. Бортмеханик-нұсқаушы.
28. Бортсерік-нұсқаушы.
29. Әуе кемелерін пайдалану жөніндегі жетекші инженер.
30. Техникалық қызмет көрсету жөніндегі жетекші инженер.
31. Екінші пилот.
32. Әуе қозғалысына қызмет көрсету қызметінің диспетчері.
33. Авиациялық тасымалдарды (халықаралық, жолаушылар, почта-жүк) ұйымдастыру жөніндегі диспетчер.
34. Тасымалдау қызметінің диспетчері.
35. Инженер.
36. Борт инженері.
37. Инженерлік-авиациялық қызметтің инженері.
38. Инспектор.
39. Ұшу қауіпсіздігі жөніндегі инспектор.
40. Авиациялық қауіпсіздік жөніндегі инспектор.
41. Ұшу-өндірістік қызметтің инспекторы.
42. Борт нұсқаушысы-жолсерік.
43. Тренажер нұсқаушысы.
44. Әуе кемесінің командирі.
45. Желілік пилот.
46. Бортта тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі менеджер.

47. Ұшу қауіпсіздігі жөніндегі менеджер.
48. Ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі менеджер.
49. Техникалық қамтамасыз ету жөніндегі менеджер.
50. Коммерциялық авиация пилоты.
51. Пилот-нұсқаушы.
52. Әуесқой пилот.
53. Аға инспектор.
54. Аға пилот-нұсқаушы.
55. Ұшу стандарттары жөніндегі аға менеджер.
56. Аға штурман.
57. Авиация техникі.
58. Ұшу ақпаратын өңдеу жөніндегі техник.
59. Теңіз қондырғыларына тікұшақты қондыру жөніндегі техник.
60. Тренажерларды пайдалану жөніндегі техник.
61. Объективті бақылаудың авиациялық жабдығын пайдалану жөніндегі авиация техникі (механик).
62. Әуе кемелерін (әуе кемелері жүйелерін) пайдалану жөніндегі авиация техникі (механик).
63. Шеф-пилот.
64. Штурман.
65. Штурман-нұсқаушы.
66. Штурман-оператор.
67. Тексеру агенті.
68. Жолаушылар авиатасымалына қызмет көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі агент.
69. Почта-жүк авиатасымалына қызмет көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі агент.
70. Жолаушыларға жерде қызмет көрсету агенті.
71. Техникалық жоспарлау жөніндегі әкімші.
72. Техникалық өндіріс жөніндегі әкімші.
73. Сапа жөніндегі әкімші.
74. Ұшу қауіпсіздігі жөніндегі әкімші.
75. Жедел басқару орталығы маманының ассистенті.
76. Ұшу құрамын оқыту жөніндегі үйлестірушінің ассистенті.
77. Диспетчердің ассистенті.
78. Ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі менеджердің ассистенті.
79. Жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі үйлестіруші.
80. Теңдестіру жөніндегі үйлестіруші.
81. Бортсеріктер қызметін үйлестіруші.
82. Экипаждарды үйлестіруші.
83. Ұшу құрамын оқыту жөніндегі үйлестіруші.

84. Базалық техникалық қызмет көрсету жөніндегі үйлестіруші.
85. Планер және қозғалтқыштар жөніндегі авиация механигі (техник).
86. Аспаптар және электр жабдығы жөніндегі авиация механигі (техник).
87. Радио жабдығы жөніндегі авиация механигі (техник).
88. Жанар-жағармай материалдарының авиатехнигі.
89. Бортмеханик.
90. Жүк ұшақтарының бортоператоры.
91. Бортсерік.
92. Бортрадист.
93. Әуе қозғалысына қызмет көрсету қызметінің диспетчері-нұсқаушысы.
94. Әуе қозғалысына қызмет көрсету қызметінің аға диспетчері.
95. Әуе қозғалысына қызмет көрсету қызметінің ұшу басшысы.

Азаматтық авиация авиациялық
персоналының киім үлгісін
кию және айырым белгілерін
тағып жүру ережелеріне
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Азаматтық авиациясының киім үлгісін киюге құқығы бар жұмыскерлерін киім үлгісімен қамтамасыз ету нормалары және бұйымдарды пайдалану мерзімдері

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 01.10.2025 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысанды киім бұйымдарының атауы	Бір адамға арналған жиынтық немесе бұйымдардың саны	Кию мерзімі
Ұшу құрамы үшін		
Кокардалы фуражка	1 дана	2 жыл
Кокардалы қыстық құлақшын	1 дана	3 жыл
Мамықтан күртеше немесе қысқы пальто	1 дана	3 жыл
Алмалы-салмалы синтепонды және (немесе) тері астарлы, алмалы-салмалы кашемирлі және (немесе) тері жағасы бар бірқаусырмалы маусымдық плащ-пальто	1 жиынтық	3 жыл
Плащ-пальтоның алмалы-салмалы және суық күндерге арналған жылы капюшоны	2 дана	3 жыл
Екі жапсырма қалталы, жеңді және жеңсіз қысқа белдікшелі погондары бар тоқылған жемпір	2 дана	2 жыл

Жазғы жеңіл костюм (күртеше, екі шалбар, қысқа жеңді және жапсырма қалталары бар екі жейде)	1 жиынтық	2 жыл
Алмалы-салмалы жылы астары бар желпілдек-күртеше	1 дана	3 жыл
Жартылай жүнді (микрогабардинді) матадан тігілген екі түймелі қосқаусырмалы костюм (пиджак және екі шалбар).	1 жиынтық	1 жыл
Ұзын жеңді және екі жапсырма қалталары бар жейде	3 дана	1 жыл
Қысқа жеңді және екі жапсырма қалталары бар немесе қалталарсыз жейде	3 дана	1 жыл
Галстук-регат	2 дана	1 жыл
Қысқы шарф	1 дана	2 жыл
Алмалы-салмалы иыққа тағатын айыру белгілері (погондар)	4 дана	2 жыл
Мамандықты білдіретін төс белгілері	2 дана	2 жыл
Дөңгелегі бар чемодан-сөмке	1 дана	2 жыл
Туфли	1 дана	1 жыл
Қысқы бөтеңке	1 дана	1 жыл
Сигнал немесе шағылыстыратын кеудеше	1 дана	3 жыл
Пилотқа арналған тоқылған жилет	1 дана	3 жыл
Шеврондар (ӘКК және ЕҰ)	2 дана	1 жыл
Бортсеріктер мен бортоператорларға (ерлер)		
Кокардалы фуражка	1 дана	2 жыл
Кокардалы қыстық құлақшын	1 дана	3 жыл
Алмалы-салмалы синтепонды және (немесе) тері астарлы, алмалы-салмалы кашемирлі жағасы бар бірқаусырмалы маусымдық плащ-пальто	1 жиынтық	3 жыл
Мамықтан күртеше немесе қысқы пальто	1 дана	3 жыл
Жартылай жүнді (микрогабардинді) матадан тігілген үш түймелі бірқаусырмалы костюм (пиджак және екі шалбар)	1 жиынтық	1 жыл
Шалбар	3 дана	1 жыл
Кардиган немесе пуловер	1 дана	2 жыл
Ұзын жеңді және жапсырма қалталары бар жейде	3 дана	1 жыл

Қысқа жеңді және жапсырма қалталары бар жейде	2 дана	2 жыл
Галстук-регат	1 дана	1 жыл
Қысқы шарф	1 дана	2 жыл
Иыққа тағатын белгілер (аға БП, инструктордың погондары)	4 дана	2 жыл
Аты жазылған бэйдж	3 дана	5 жыл
Дөңгелегі бар чемодан-сөмке	1 дана	3 жыл
Алжапқыш (бортсеріктерге)	1 дана	1 жыл
Нысанды жилет	2 дана	1 жыл
Маусымдық кепеш	1 дана	4 жыл
Жүннен жасалған кепеш	1 дана	4 жыл
Қысқы қалпақ	1 дана	4 жыл
Туфли	1 дана	1 жыл
Қысқы бәтеңке	1 дана	1 жыл
Багаж белгісі	2 дана	2 жыл
Сигнал немесе шағылыстыратын жилет	1 дана	3 жыл
Бортсеріктер үшін (әйелдер)		
Алмалы-салмалы капюшоны, жүнді астары бар маусымдық бірқаусырмалы пальто немесе плащ	1 дана	3 жыл
Мамықтан күртеше немесе қысқы пальто	1 дана	4 жыл
Нысанды көйлек	1 дана	1 жыл
Ұзын жеңді блуза	2 дана	1 жыл
Шалбар	2 дана	1 жыл
Кокардалы қыстық қалпақ(капюшон-шарфымен)	1 дана	3 жыл
Жартылай жүнді матадан тігілген үш түймелі бірқаусырмалы костюм (жакет, шалбар, жилет, белдемше)	1 жиынтық	1 жыл
Қысқа жеңді әйел жейдесі	4 дана	2 жыл
Жейдеге тағатын галстук-бант	2 дана	1 жыл
Шарф (фуляр)	1 дана	1 жыл
Иыққа тағатын белгілер (аға БП, инструктордың погондары)	4 дана	2 жыл
Аты жазылған бэйдж	3 дана	5 жыл
Дөңгелегі бар чемодан-сөмке	1 дана	3 жыл
Алжапқыш	1 дана	1 жыл
Туфли	1 дана	1 жыл
Қысқы етік	1 дана	2 жыл

Бағаж белгісі	2 дана	2 жыл
Сигнал немесе шағылыстыратын жилет	1 дана	3 жыл
Кардиган немесе жемпір	1 дана	2 жыл
Мойын орамал	1 дана	2 жыл
Пилотка	1 дана	3 жыл
Жердегі персоналға (әйелдер)		
Алмалы-салмалы капюшоны, жүнді астары бар маусымдық бірқаусырмалы пальто немесе плащ	1 дана	3 жыл
Мамықтан күртеше	1 дана	3 жыл
Тоқылған жемпір	1 дана	2 жыл
Ұзын жеңді блузка	2 дана	1 жыл
Нысанды жемпір	1 дана	2 жыл
Қысқы қалпақ (капюшон-шарфымен)	1 дана	3 жыл
Жартылай жүнді матадан тігілген үш түймелі бірқаусырмалы костюм (жакет, шалбар, жилет, белдемше)	1 жиынтық	1 жыл
Қысқа жеңді әйел жейдесі	4 дана	2 жыл
Иыққа тағатын белгілер (қажетіне қарай)	4 дана	2 жыл
Шарф (фуляр)	1 дана	2 жыл
Жейдеге тағатын галстук-бант	2 дана	1 жыл
Мойын орамал	1 дана	3 жыл
Алжапқыш	1 дана	2 жыл
Агентке арналған қол сөмке	1 дана	2 жыл
Қысқы етік	1 дана	2 жыл
Туфли	1 дана	1 жыл
Бағаж белгісі	1 дана	2 жыл
Сигнал немесе шағылыстыратын жилет	1 дана	3 жыл
Жаңбыр жамылғысы	1 дана	2 жыл
Аты жазылған бәйдж	3 дана	5 жыл
Жердегі персоналға (ерлер)		
Фуражка	1 дана	2 жыл
Қыстық құлақшын	1 дана	4 жыл
Синтепонды немесе жүн астары, алмалы-салмалы кашемирлі жағасы бар бірқаусырмалы маусымдық плащ-пальто	1 жиынтық	3 жыл
Мамықтан күртеше	1 дана	3 жыл
Тоқылған жемпір	1 дана	2 жыл

Жартылай жүнді матадан тігілген үш түймелі бірқаусырмалы костюм (пиджак және екі шалбар)	1 жиынтық	1 жыл
Ұзын жеңді және жапсырма қалталары бар жейде	4 дана	1 жыл
Қысқа жеңді және жапсырма қалталары бар жейде	2 дана	2 жыл
Нысанды жилет	2 дана	1 жыл
Маусымдық кепеш	1 дана	4 жыл
Иыққа тағатын белгілер (қажетіне қарай)	4 дана	2 жыл
Галстук-регат	1 дана	1 жыл
Қысқы шарф	1 дана	3 жыл
Туфли	1 дана	1 жыл
Қысқы етік	1 дана	2 жыл
Агентке арналған қол сөмке	1 дана	2 жыл
Багаж белгісі	1 дана	2 жыл
Сигнал немесе шағылыстыратын жилет	1 дана	3 жыл
Жаңбыр жамылғысы	1 дана	2 жыл
Нысанды жемпір	1 дана	2 жыл
Аты жазылған бейдж	3 дана	5 жыл
Әуе қозғалысына қызмет көрсету қызметінің мамандары (ерлер)		
Костюм жартылай жүннен жасалған екі түймемен (куртка, көкірекше және екі шалбар) бір кеудеше	2 жиынтық	3 жыл
Ұзын жеңді көйлек	2 дана	3 жыл
Қысқа жеңді және жүкқұжатты көйлек қалта	2 дана	3 жыл
Әуе қозғалысына қызмет көрсету қызметінің мамандары (әйелдер)		
Жартылай жүн матадан (пиджак, көкірекше, шалбар, юбка) жасалған бір түймелі қапсырмасы бар бір кеудеше костюм	2 жиынтық	3 жыл
Ұзын жеңді көйлек	2 дана	3 жыл
Қысқа жеңді және жүкқұжатты көйлек қалта	2 дана	3 жыл

Азаматтық авиация авиациялық
персоналының
киім үлгісін кию және айырым
белгілерін
тағып жүру ережелеріне 3-қосымша

Киім үлгісін киюге құқығы бар Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясы қызметкерлерінің лауазымдық санаттары бойынша берілген жеңдік және алмалы-салмалы иықтық айырым белгілерінің (шеврондар мен погондар) табелі

Ескерту. 3-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 01.10.2025 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лауазымы	Санаты	Айырым белгілері (оқалар)
1. Ұшуға рұқсаты бар авиакомпанияның бірінші басшысы.	4	Төрт жеңдік және төрт иықтық айырым белгілері
2. Ұшуға рұқсаты бар авиакомпанияның бірінші басшының орынбасары	4	Төрт жеңдік және төрт иықтық айырым белгілері
3. Ұшу қауіпсіздігі жөніндегі авиакомпания инспекциясының бастығы	4	Төрт жеңдік және төрт иықтық айырым белгілері
4. Ұшу қауіпсіздігі жөніндегі авиакомпания инспекциясының инспекторлық құрамы	4	Төрт жеңдік және төрт иықтық айырым белгілері
5. Авиация жасағының командирі	4	Төрт жеңдік және төрт иықтық айырым белгілері
6. Авиация жасағы командирінің орынбасары	4	Төрт жеңдік және төрт иықтық айырым белгілері
7. Авиация эскадрильясының командирі	4	Төрт жеңдік және төрт иықтық айырым белгілері
8. Авиация эскадрильясы командирінің орынбасары	4	Төрт жеңдік және төрт иықтық айырым белгілері
9. Жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі дирекцияның бастығы	3	Үш жеңдік және үш иықтық айырым белгілері
10. Ұшу қауіпсіздігі жөніндегі инспекцияның бастығы	4	Төрт жеңдік және төрт иықтық айырым белгілері
11. Авиациялық қауіпсіздік жөніндегі инспекцияның бастығы	3	Үш жеңдік және үш иықтық айырым белгілері
12. Ұшу-әдістемелік кабинеттің бастығы	2	Екі жеңдік және екі иықтық айырым белгілері
13. Ұшу құрамын оқыту қызметінің бастығы	3	Үш жеңдік және үш иықтық айырым белгілері
14. Жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі бөлімнің бастығы	2	Екі жеңдік және екі иықтық айырым белгілері
15. Тексеру бөлімшесінің бастығы (оның орынбасарлары)	2	Екі жеңдік және екі иықтық айырым белгілері
16. Тексеру бөлімшесінің ауысым бастығы	1	Бір жеңдік және бір иықтық айырым белгілері
17. Күзет және бақылау бөлімшесінің бастығы	2	Екі жеңдік және екі иықтық айырым белгілері

18. Күзет және тексерудің инженерлік-техникалық құралдары бөлімшесінің бастығы	2	Екі жеңдік және екі иықтық айырым белгілері
19. Авиациялық қауіпсіздік бөлімшесінің бастығы (оның орынбасарлары)	2	Екі жеңдік және екі иықтық айырым белгілері
20. Авиациялық қауіпсіздік бөлімшесінің ауысым бастығы	1	Бір жеңдік және бір иықтық айырым белгілері
21. Аэровокзал кешені қызметінің бастығы	3	Үш жеңдік және үш иықтық айырым белгілері
22. Әуеайлақ қызметінің бастығы	3	Үш жеңдік және үш иықтық айырым белгілері
23. Бортсеріктер қызметінің бастығы	3	Үш жеңдік және үш иықтық айырым белгілері
24. Штаб бастығы-әуе кемесінің командирі	4	Төрт жеңдік және төрт иықтық айырым белгілері
25. Авиациялық қауіпсіздік қызметінің бастығы	3	Үш жеңдік және үш иықтық айырым белгілері
26. Жолаушыларға жерде қызмет көрсету қызметін басқарушы	3	Үш жеңдік және үш иықтық айырым белгілері
27. Бортмеханик-нұсқаушы	2	Екі жеңдік және екі иықтық айырым белгілері
28. Бортсерік-нұсқаушы.	1	Бір жеңдік және бір иықтық айырым белгілері
29. Әуе кемелерін пайдалану жөніндегі жетекші инженер	2	Екі жеңдік және екі иықтық айырым белгілері
30. Техникалық қызмет көрсету жөніндегі жетекші инженер	2	Екі жеңдік және екі иықтық айырым белгілері
31. Екінші пилот	3	Үш жеңдік және үш иықтық айырым белгілері
32. Әуе қозғалысына қызмет көрсету қызметінің диспетчері	2	Екі жеңдік және екі иықтық айырым белгілері
33. Авиациялық тасымалдарды (халықаралық, жолаушылар, почта-жүк) ұйымдастыру жөніндегі диспетчер	2	Екі жеңдік және екі иықтық айырым белгілері
34. Тасымалдау қызметінің диспетчері	2	Екі жеңдік және екі иықтық айырым белгілері
35. Инженер	2	Екі жеңдік және екі иықтық айырым белгілері
36. Борт инженері	3	Үш жеңдік және үш иықтық айырым белгілері
37. Инженерлік-авиациялық қызметтің инженері	2	Екі жеңдік және екі иықтық айырым белгілері
38. Инспектор	-	-
39. Ұшу қауіпсіздігі жөніндегі инспектор	4	Төрт жеңдік және төрт иықтық айырым белгілері

40. Авиациялық қауіпсіздік жөніндегі инспектор	-	-
41. Ұшу-өндірістік қызметтің инспекторы	3	Үш жеңдік және үш иықтық айырым белгілері
42. Борт нұсқаушысы-жолсерік	1	Бір жеңдік және бір иықтық айырым белгілері
43. Тренажер нұсқаушысы	-	-
44. Әуе кемесінің командирі	4	Төрт жеңдік және төрт иықтық айырым белгілері
45. Желілік пилот	3	Үш жеңдік және үш иықтық айырым белгілері
46. Бортта тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі менеджер	-	-
47. Ұшу қауіпсіздігі жөніндегі менеджер	-	-
48. Ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі менеджер	-	-
49. Техникалық қамтамасыз ету жөніндегі менеджер	-	-
50. Коммерциялық авиация пилоты	3	Үш жеңдік және үш иықтық айырым белгілері
51. Пилот-нұсқаушы	4	Төрт жеңдік және төрт иықтық айырым белгілері
52. Әуесқой пилот	-	-
53. Аға инспектор	4	Төрт жеңдік және төрт иықтық айырым белгілері
54. Аға пилот-нұсқаушы	4	Төрт жеңдік және төрт иықтық айырым белгілері
55. Ұшу стандарттары жөніндегі аға менеджер	4	Төрт жеңдік және төрт иықтық айырым белгілері
56. Аға штурман	4	Төрт жеңдік және төрт иықтық айырым белгілері
57. Авиация технигі	-	-
58. Ұшу ақпаратын өңдеу жөніндегі техник	-	Төрт жеңдік және төрт иықтық айырым белгілері
59. Теңіз қондырғыларына тікұшақты қондыру жөніндегі техник	-	Төрт жеңдік және төрт иықтық айырым белгілері
60. Тренажерларды пайдалану жөніндегі техник	-	Төрт жеңдік және төрт иықтық айырым белгілері
61. Объективті бақылаудың авиациялық жабдығын пайдалану жөніндегі авиация технигі (механик)	-	Үш жеңдік және үш иықтық айырым белгілері
62. Әуе кемелерін (әуе кемелері жүйелерін) пайдалану жөніндегі авиация технигі (механик)	-	-

63. Шеф-пилот	4	Төрт жеңдік және төрт иықтық айырым белгілері
64. Штурман	3	Үш жеңдік және үш иықтық айырым белгілері
65. Штурман-нұсқаушы	3	Үш жеңдік және үш иықтық айырым белгілері
66. Штурман-оператор	2	Екі жеңдік және екі иықтық айырым белгілері
67. Тексеру агенті	-	-
68. Жолаушылар авиатасымалына қызмет көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі агент	-	-
69. Почта-жүк авиатасымалына қызмет көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі агент	-	-
70. Жолаушыларға жерде қызмет көрсету агенті	-	-
71. Техникалық жоспарлау жөніндегі әкімші	-	-
72. Техникалық өндіріс жөніндегі әкімші	-	-
73. Сапа жөніндегі әкімші	-	-
74. Ұшу қауіпсіздігі жөніндегі әкімші	-	-
75. Жедел басқару орталығы маманының ассистенті	-	-
76. Ұшу құрамын оқыту жөніндегі үйлестірушінің ассистенті	-	-
77. Диспетчердің ассистенті	-	-
78. Ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі менеджердің ассистенті	-	-
79. Жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі үйлестіруші	2	Екі жеңдік және екі иықтық айырым белгілері
80. Теңдестіру жөніндегі үйлестіруші	2	Екі жеңдік және екі иықтық айырым белгілері
81. Бортсеріктер қызметін үйлестіруші	2	Екі жеңдік және екі иықтық айырым белгілері
82. Экипаждарды үйлестіруші	2	Екі жеңдік және екі иықтық айырым белгілері
83. Ұшу құрамын оқыту жөніндегі үйлестіруші	2	Екі жеңдік және екі иықтық айырым белгілері
84. Базалық техникалық қызмет көрсету жөніндегі үйлестіруші.	2	Екі жеңдік және екі иықтық айырым белгілері
85. Планер және қозғалтқыштар жөніндегі авиация механигі (техник)	-	-

86. Аспаптар және электржабдығы жөніндегі авиация механигі (техник)	-	-
87. Радио жабдығы жөніндегі авиация механигі (техник)	-	-
88. Жанар-жағармай материалдарының авиатехнигі	-	-
89. Бортмеханик	2	Екі жеңдік және екі иықтық айырым белгілері
90. Жүк ұшақтарының борт операторы	2	Екі жеңдік және екі иықтық айырым белгілері
91. Бортсерік	-	-
92. Бортрадист	2	Екі жеңдік және екі иықтық айырым белгілері
93. Әуе қозғалысына қызмет көрсету қызметінің диспетчері-нұсқаушысы.	3	Үш жеңдік және үш иықтық
94. Әуе қозғалысына қызмет көрсету қызметінің аға диспетчері.	3	Үш жеңдік және үш иықтық
95. Әуе қозғалысына қызмет көрсету қызметінің ұшу басшысы	4	Төрт жеңдік және төрт иықтық

Азаматтық авиация
авиациялық персоналының
киім үлгісін кию және айырым
белгілерін тағып жүру
ережелеріне
4-қосымша

Қазақстан Республикасының Азаматтық авиация жұмыскерлерінің киім үлгісінің сипаттамасы

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 01.10.2025 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қатты (жұмсақ) негіздегі фуражка, маңдайшасының жоғарғы бөлігінің (тулья) биіктігі 7 сантиметрден (бұдан әрі – см) және төменгі бөлігінің (околыш) биіктігі 4 сантиметрден аспайтын көкшіл қара түсті матадан тігіледі. Күнқағары пластинка тәріздес қара түсті жиекпен жиектелген. Күнқағардың үсті бір реңді матамен қапталған. Күнқағардың үстіне ені 13,5 мм алтын түсті нейлон бау-таспа түймеленеді. Командалық-ұшу құрамы фуражкасының күнқағарында алтын түсті жіппен бедерлі тігілген лавр жапырақтары. Фуражканың алдыңғы жағының ортасына, бау-таспаның үстінен, мата тәріздес негізде алтын түсті жіппен бедерлі тігілген азаматтық авиацияға тән белгі - белгіленген үлгідегі кокарда бекітіледі. Қызмет көрсетуші экипаж мүшелерінің фуражкасы (борт операторлар мен бортсеріктердің) жеке кокардамен және қара түсті белгіленген үлгідегі бау-таспамен жинақталады.

2. Ер адамдардың қысқы құлақшыны - фуражкалық күнқағарымен, үсті көкшіл қара түсті кашемир (драп) немесе жадағай матадан жасалған жұмсақ негіздегі біріздендірілген құлақшын. Құлақшынның алдыңғы жағы қосымша маңдайлықпен тысталған. Құлақшынның негізі қара түсті тері болып табылады, командалық-ұшу құрамы үшін қаракөлден немесе колоноктан, қызмет көрсетуші персоналдар үшін жұқа жақсартылған цигейкадан тігіледі.

Командалық-ұшу мен ұшу құрамы құлақшынының күнқағары үстінен алтын түсті нейлон бау-таспа (лента-тесма) түймеленеді. Командалық-ұшу құрамы құлақшынының күнқағарында алтын түсті жіппен бедерлі тігілген лавр жапырақтары. Фуражканың алдыңғы жағының ортасына, бау-таспаның үстінен, мата тәріздес негізде алтын түсті жіппен бедерлі тігілген азаматтық авиацияға тән белгі - кокарда бекітіледі.

Қызмет көрсетуші экипаж мүшелерінің құлақшыны (бортоператорлар мен бортсеріктердің) жеке кокарда және белгіленген үлгідегі қара түсті бау-таспамен жинақталады.

3. Ер адамның кашемирден тігілген көкшіл қара түсті, бір қаусырмалы, погонсыз пальтосы. Жабық түймелі. Арқасы ортаңғы тігісімен және айырығымен. Қиылған жан қалталары, қайырма жағасы және белдігі бар пальто. Қатты негіздегі фуражкамен киюге арналған қысқа белдікшелі тік жеңмен, немесе жұмсақ негіздегі фуражкамен киюге арналған қысқа белдікшелі реглан-жең тігіледі.

4. Сырып тігілген синтепон және жақсартылған теріден алмалы-салмалы маусымдық тыстары бар қара түсті плащтық матадан тік тігілген бір қаусырмалы ер адамның, маусымдық плащ-пальтосы. Жабық түймелі. Қиылған жан қалталары, алынып-салынатын жағасы мен белдігі, қысқа белдікше-погондары бар плащ-пальто. Жеңі тік тігісті төменгі жағында қысқа белдікшесімен. Кашемир мен теріден жасалған маусымдық жағалармен жинақталады. Күзгі жағаның негізі қара түсті кашемир болып табылады. Қысқы жағаның негізі қара түсті теріден, командалық-ұшу мен ұшу құрамдары үшін қаракөлден немесе колоноктан, қызмет көрсетуші персоналдар үшін жұқа жақсартылған цигейкадан.

5. Қарсы ілгегі бар алмалы-салмалы синтепонмен немесе мамықтан тысталған, аралас немесе плащтық қара немесе қою көк түсті матадан тігілген, тік тігісті, қосқаусырмалы ер адамның астарлы желдірме-күртешесі. Жасырын қарсы ілгегімен екі қиылған төс қалтасы бар. Екі қиылған тік жан қалталары мен астыңғы жағынан түймеленетін қапталында қысқа белдікшелері бар. Жағасы қайырмалы. Жеңі тік, төменгі жағы қысқа-белдікшелі. Қара түсті алмалы-салмалы кашемир жағамен жинақталады.

6. Астарлы (пиджак пен шалбар) көкшіл қара түсті жартылай жүнді (микрогабардинді) матадан тігілген қос қаусырмалы ер адамның екі қатарлы төрт түймелі костюмі. Пиджак, кеуде тұсының сол жағында қиылған жапырақша қалтасымен және қақпақтары бар қиылған жан қалталарымен, арқаның төменгі

жағындағы екі немесе бір айырығымен. Жеңдері тік, төменгі жағында айырығымен. Шалбары тік, классикалық пішімді, бүгілмеген немесе бір бүкпелі, қондырылған белбеуі мен қарсы ілгекті.

7. Астарлы (пиджак пен шалбар), үш түймелі, жартылай жүнді матадан тігілген көкшіл қара түсті ер адамның бір қаусырмалы костюмы. Пиджак бір қатар түймелі, қақпақтарымен қиылған жан қалталары және сол жақ кеудесінде қиылған жапырақ-қалтасы бар. Жеңі тік, айырықсыз тігілген. Шалбары тік, классикалық пішімді, қондырылған белбеуі мен қарсы ілгегі бар.

8. Қысқа және ұзын жеңді, екі жапсырмалы төс қалталары бар, түймеленетін ер адамның жейдесі. Ақ немесе қызыл түсті, жейде матасынан тігілген, жағасы қайырмалы, погонсыз немесе екі иықтық қысқа белдікшелі-погондары және ортасында бір қатар қаусырма түймелері бар.

9. Командалық-ұшу, ұшу-инструкторлық, ұшқыштар құрамы мен көліктік (жүк тасымалдық) әуе кемелерінің бортоператорларына арналған жазғы жеңіл костюм, бозғылт-жасыл түсті көйлегі, шалбары мен күртешеден құралады:

1) бір қаусырмалы, тік пішімді, бозғылт-жасыл түсті аралас матадан тігілген, қарсы ілгегі бар күртеше. Жасырын қарсы ілгегі бар екі қиылған төс қалта, қапталында екі тік қиылған жан қалталары бар. Қапталындағы қысқа белдікшелерінің астыңғы жағы түймеленген. Жағасы қайырмалы. Жеңі тік тігісті, төменгі жағында қысқа белдікшесімен;

2) шалбары аралас бозғылт-жасыл немесе қою көк түсті матадан тік тігілген, классикалық пішімді, қондырылған белбеуі және қарсы ілгегі бар;

3) белгіленген үлгідегі қысқа жеңді, кеудесінде екі жапсырмалы қалтасы бар, түймелі жейде. Бозғылт-жасыл түсті жейде матасынан тігілген, жағасы қайырмалы, екі иықтық қысқа белдікшелі-погондары және ортасында қаусырма түймелері бар. Кәсіптік төс белгімен жинақталады.

10. Көкшіл қара түсті плащтық матадан тігілген әйел адамның қосқаусырмалы плащы. Тік тігісті, қайырмалы жағалы, белдігі мен алынып-салынатын немесе алынбалы капюшоны тысталған астарлы, қиылған жан қалталары бар.

11. Көкшіл қара түсті жартылай жүнді матадан тігілген әйел адамның костюмі. Жакет, белдемше, көкірекше және шалбардан құралады. Жакет бір қаусырмалы немесе қосқаусырмалы, жартылай қынама силуэтті, үш түймелі, қиылған қалталары бар. Белдемшесі тік тігісті, көмкеріп тігілген белдігі және қапталында қарсы ілгегі бар.

Жилет мойынының қиындысы үшбұрышты, төрт түймелі, астыңғы өңірі бейнелі болып келген. Шалбары тік, астыңғы жағы тарлау тігілген, тік тігісті, жанап тігілген белдігі және қарсы ілгегі бар.

Азаматтық авиация ұйымының бірінші басшысының бұйрығымен бекітілген дизайнға қарай, әйел костюмінің түсі ауысып құрамдастырылады.

12. Ақ немесе қызыл түсті жібек, көйлек матасынан тігілген, қысқа немесе ұзын жеңді, жапсырма қалталы немесе қалтасыз, жағасы қайырмалы, ортасында қаусырма түймелері бар әйел адамның жейдесі.

13. Азаматтық авиация ұйымының бірінші басшысының бұйрығымен бекітілген дизайнда әйел адамдардың бас киімдері және нысанды киімдердің басқа бөліктері азаматтық авиация ұйымдарында осы Ережеге сәйкес әзірленеді.

14. Иініштік (иық) айырым белгілері - белгіленген үлгідегі көкшіл қара түсті шұғадан жасалған, алмалы-салмалы погондар. Командалық-ұшу құрамы мен мамандарына ішіндегі икемді қондырғысымен, ұзындығы 112 мм, ені 62 мм.

Азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық персоналдарына белгіленген үлгідегі - ең үлкен ұзындығы 49 мм мен ені 49 мм таңбасыз (қысқартылған) погондар (6-қосымша).

15. Белгіленген үлгідегі айырым белгілеріне арналған оқалардың (бау-таспалардың) ені 8-75 мм. Алмалы-салмалы погондарда ара қашықтығы 13 мм жолағымен, жеңдік шеврондарында ара қашықтығы 2-3 мм жолағымен орналасады. Азаматтық авиацияның қызмет көрсетуші экипаж мүшелері мен ұшу, командалық-ұшу құрамына арналған оқалар (галуны) алтын түсті болып келеді. Ұшу немесе қызмет көрсетуші экипаж мүшелері мамандығының біліктілігі жоқ авиациялық мамандарына және азаматтық авиация ұйымдарының жердегі авиациялық персоналдарына арналған оқалар күміс түсті.

16. Белгіленген үлгідегі бас киімдер үшін бау-таспалардың (оқалардың) ені 13,5 мм. Азаматтық авиацияның командалық-ұшу, ұшқыштар құрамы үшін алтын түсті. Қызмет көрсетуші экипаждар мүшелері үшін қара түсті. Ұшу немесе қызмет көрсетуші экипаж мүшелері мамандығының біліктілігі жоқ авиациялық мамандарына және азаматтық авиация ұйымдарының жердегі авиациялық персоналдарына арналған бау-таспалар (оқалар) күміс түсті.

17. Костюмдердегі түймелер-үлкен диаметрі 21 мм және кіші диаметрі 13,5-14 мм алтын түсті, әуе қозғалысына қызмет көрсету мамандары үшін - негізгі костюм матасының түсінде. Азаматтық авиацияның командалық-ұшу, ұшу құрамы, азаматтық авиация ұйымдарының ұшу және қызмет көрсету экипажының мүшелері үшін - ұйымның логотипі бар немесе онсыз.

18. Азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық персоналдары үшін белгіленген үлгідегі бөкебайлар мен мойынорамалдар (шарф, кашне) түсі ашық болмауға тиісті. Азаматтық авиация азаматтық авиация ұйымының бірінші басшысының бұйрығымен бекітілген дизайнына сәйкес түспен ғана ерекшеленеді.

19. Ұшу экипажының мүшелеріне арналған мамандықты білдіретін, белгіленген үлгідегі төс белгілер көкшіл қара түсті материалға алтын және көкшіл түсті жіппен маталық негізде бедерлі тігіледі.

20. Қызмет көрсетуші экипаж мүшелеріне арналған мамандықты білдіретін төс белгілердің негізі көкшіл қара түсті материалға алтын және көкшіл түсті жіппен бедерлі тігіледі.

21. Командалық-ұшу, ұшу-инструкторлық құрамның бас киімдеріне тағатын кокарда - маталық негізде, бедерлі тігілген авиациялық өкімет елтаңбасы - Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының негізгі эмблемасы (бұдан әрі - азаматтық авиацияның негізгі эмблемасы). Командалық-ұшу, ұшу-инструкторлық құрамдарына алтын түсті жіппен тігіледі. Ұшу немесе қызмет көрсетуші экипаж мүшелерінің біліктілігі жоқ мамандарына күміс түсті жіппен тігіледі.

22. Азаматтық авиация ұйымының ұшу экипажы мүшелерінің (командалық-ұшу, ұшу-инструкторлық, ұшу құрамының) бас киімдеріне тағатын кокарда азаматтық авиация эмблемасының негіздемесі бар осы ұйымның эмблемасының комбинациясын құрайды. Кокарданың негізі - азаматтық авиацияның негізгі эмблемасының дөңгеленген сыртқы ою-өрнектері, алтын түсті жіппен бедерлі тігіледі. Кокарданың өзегі – азаматтық авиацияның негізгі эмблемасынан алынған шеңберлі сыртқы өрнек алтын түстес жіппен бедерлі тігіледі.

23. Азаматтық авиацияның қызмет көрсетуші экипаж мүшелеріне (бортоператорлар мен бортсеріктер) арналған бас киімге тағатын кокарданың негізі көкшіл қара түсті материалға алтын және көкшіл түсті жіппен бедерлі тігіледі.

24. Көкшіл қара түсті галстукті материалдан тігілген классикалық дизайнды галстук-регат қажетіне қарай резеңке бекітпеде жасалуы мүмкін. Азаматтық авиация ұйымының бірінші басшысының бұйрығымен бекітілген дизайнға қарай галстуктің түсі өзгереді.

25. Әуе қозғалысына қызмет көрсету қызметінің мамандарына арналған қара сұр түсті жартылай жүнді матадан жасалған екі түймелі бекіткіші бар бір төсті еркек костюм. Пиджак, көкірекше және шалбардан тұрады. Түймелердің бір қатары бар блейзер, клапандары бар бүйірлік қалталар және кеуде қуысының сол жағында парақшалы қалта. Пиджактың, графиттің, қара түстің лапельдерінде не негізгі матаның тонында кестеленген Қазақ (ұлттық) ою-өрнектеріне рұқсат етіледі. Жеңдер тіке және жұмыс ілмектері бар, айырым белгілерін білдіретін күртешенің жеңдеріндегі кестеленген Қазақ (ұлттық) ою-өрнектеріне рұқсат етіледі. Үшбұрышты мойын сызығы бар көкірекше, төрт түймеде, бүйірлерінің төменгі бұйра жиектері бар. Тік шалбар классикалық кесілген, белбеуі мен сыдырмасы бар.

26. Әуе қозғалысына қызмет көрсету қызметінің мамандарына арналған қысқа және ұзын жеңді ерлер жейдесі түймелерге түймеленетін екі төс жапсырма қалтасымен рұқсат етіледі. Ақ түсті жейде матадан, бүктелген жағасы, орталық бүйірлік түймелері бар.

27. Әуе қозғалысына қызмет көрсету қызметінің мамандарына арналған қара сұр түсті жартылай жүнді матадан жасалған бір түймесі бар астары бар бір кеудеше

әйелдер костюмі. Ол куртка, жилет, юбка және шалбардан тұрады. Түймелердің бір қатары бар блейзер, клапандары бар бүйірлік қалталар. Пиджактың, графиттің, қара түстің лапельдерінде не негізгі матаның тонында кестеленген Қазақ (ұлттық) ою-өрнектеріне рұқсат етіледі. Жеңдер тіке және жұмыс ілмектері бар, айырым белгілерін білдіретін күртешенің жеңдеріндегі кестеленген Қазақ (ұлттық) ою-өрнектеріне рұқсат етіледі. Үшбұрышты мойын сызығы бар көкірекше, төрт түймеде, бүйірлерінің төменгі бұйра жиектері бар. Юбка түзу, белбеуі және артқы сыдырмасы бар. Шалбар тік, белбеуі мен сыдырмасы бар төмен қарай тарылған.

28. Әуе қозғалысына қызмет көрсету қызметінің мамандарына арналған қысқа және ұзын жеңді әйелдер жейдесі екі төс үстеме қалтамен рұқсат етіледі. Ақ түсті жейде матадан, бүктелген жағасы, орталық бүйірлік түймелері бар.

29. 25, 26, 27, 28-тармақтарда көрсетілген киімдердің жиынтығы, түстері, материалдары мен дизайны азаматтық авиация ұйымының бірінші басшысының бұйрығымен өзгереді және біріктіріледі.

Азаматтық авиация авиациялық
персоналының
киім үлгісін кию және айырым
белгілерін
тағып жүру ережелеріне 5-қосымша

Азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік қызметінің мамандарына арналған киім үлгісінің сипаттамасы

1. Жазғы киім:

көкшіл қара түсті фуражка (бейсболка);
көкшіл қара түсті берет (әйелдердің кепи - шляпасы);
көк (көгілдір) түсті қысқа жеңді әйел адамның жейдесі;
көк түсті қысқа жеңді жейде;
қара түсті галстук;
жейдеге тағатын бант-галстук;
көкшіл қара түсті ер адамның костюмі (китель мен шалбар);
көкшіл қара түсті әйел адамның костюмі (жакет, көкірекше, белдемше, шалбар);
қара түсті туфли.

2. Маусымдық киім:

көкшіл қара түсті фуражка (бейсболка);
көкшіл қара түсті берет (әйелдердің кепи - шляпасы);
көкшіл қара түсті күртеше;
көкшіл қара түсті әйел адамның бір қаусырмалы плащы;
су өтпейтін плащ;
көк (көгілдір) түсті ұзын жеңді жейде;
көк түсті ұзын жеңді жейде;

қара түсті галстук;
жейдеге тағатын бант-галстук;
белгіленген үлгідегі жемпір;
көкшіл қара түсті ер адамның костюмі (китель мен шалбар);
маусымдық костюмі (күртеше, шалбар және жартылай комбинезон);
көкшіл қара түсті әйел адамның костюмі (жакет, көкірекше, белдемше, шалбар);
қара түсті туфли.

3. Қысқы киім:

қара түсті қысқы қалпақ (бейсболка);
көкшіл қара түсті күртеше;
көкшіл қара түсті әйелдер пальтосы;
көк (көгілдір) түсті ұзын жеңді жейде;
көк түсті ұзын жеңді жейде;
қара түсті галстук;
жейдеге тағатын бант-галстук;
белгіленген үлгідегі жемпір;
көкшіл қара түсті ер адамның костюмі (китель мен шалбар);
көкшіл қара түсті әйел адамның костюмі (жакет, көкірекше, белдемше, шалбар);
қара түсті әйелдер етігі;
қысқы бәтеңке;
унты.

Азаматтық авиация авиациялық
персоналының
киім үлгісін кию және айырым
белгілерін
тағып жүру ережелеріне 6-қосымша

Азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік қызметінің мамандарына арналған айырым белгілердің сипаттамасы

Сыртқы киім үлгісінің сол жеңінде иықтан 8 см қашықтықта авиациялық қауіпсіздік қызметіне тиесілі азаматтық авиация ұйымының эмблемасы бар логотип, алдыңғы сол жағында үстіңгі 2 және 3-түймелердің тұсында сары түсті, көлемі 10х3 см "SECURITY" деген жазуы бар логотип, арқасында жағадан 10 см төмен қашықтықта сары түсті, көлемі 30х7 см "SECURITY" деген жазу орналасуы тиіс. Бас киімнің алдыңғы жағында азаматтық авиация ұйымының басшылығы белгілеген үлгідегі кокарда орналасады.